

БІРІКТІРІЛГЕН БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ САЛАСЫНДАҒЫ САЯСАТ

1. «Павлодар Электржелістік Тарату Компаниясы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – «ПЭТК» АҚ) тұрақты түрде өзінің іскерлік беделін нығайтуға, электр энергиясын сатуға, электр желілерінің сенімді жұмысын қамтамасыз етуге және жасалған шарттарға сәйкес қызметтерді тұтынушыларға электр энергиясын жоғары сапада жеткізуге және таратуға ұмтылады.
 2. «ПЭТК» АҚ өз қызметінде тұтынушылармен, жеткізушілермен, персоналмен және қоғаммен өзара тиімді ынтымақтастық пен тең құқылы серіктестікке ұмтылады және келесі міндеттемелерді қабылдайды:
Энергия көздерін ұтымды пайдалану және үнемдеу есебінен өндірістің энергия тиімділігін арттыру;
- ISO 9001:2015, ISO 14001:2015, ISO 45001:2018, ISO 50001:2018 халықаралық стандарттарының талаптарына сәйкес технологиялық тәсіл мен тәуекелге бағдарланған ойлау негізінде жұмыс тәртібін сақтау, біріктірілген басқару жүйесін (бұдан әрі – ББЖ) үздіксіз жетілдіру және тиімділігін арттыру;
- «ПЭТК» АҚ процестерінің жұмыс істеуі туралы ақпаратты талдау негізінде, оның ішінде көрсетілетін қызметтердің сапасы, экологиялық аспектілер мен денсаулықты қорғау және еңбек қауіпсіздігі саласындағы тәуекелдер туралы деректерді ескере отырып, уақтылы шешімдер қабылдау;
- Сапа, денсаулықты қорғау және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету, қоршаған орта және энергия менеджменті салаларында олардың талаптары мен күтулерін анықтау және қанағаттандыру арқылы мүдделі тараптардың қанағаттануын үздіксіз жақсарту;
- Мүдделі тараптар үшін ұсынылатын қызметтердің сапасы, еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік, қоршаған ортаны қорғау қызметі және кәсіпорынның энергия тиімділігі туралы ақпараттың ашықтығы мен қолжетімділігін қамтамасыз ету;
- «ПЭТК» АҚ ұйымдық құрылымының барлық деңгейлерінде Қазақстан Республикасының заңнамалық және нормативтік талаптарын, ISO 9001:2015, ISO 14001:2015, ISO 45001:2018, ISO 50001:2018 халықаралық стандарттарын қатаң сақтау;
- Қызметкерлермен маңызды мәселелер бойынша консультациялар жүргізу, қызметкерлер мен олардың өкілдерінің ББЖ қызметіне қатысуын қамтамасыз ету;
- Қызметкерлер мен олардың отбасыларының әл-ауқатын қамтамасыз ету;
- Қызметкерлерді олардың еңбек нәтижелері бойынша материалдық ынталандыруды қамтамасыз ету;
 - Сапа менеджменті, қоршаған ортаны басқару, денсаулықты қорғау мен еңбек қауіпсіздігін басқарудың заманауи әдістері саласында да, сондай-ақ кәсіби дайындық пен энергия тиімділігін арттыруға ынталандыру саласында да персоналдың үздіксіз дамуын қамтамасыз ету;
 - «ПЭТК» АҚ персоналының қауіпсіз еңбек жағдайларына кепілдік беру, жарақаттану мен денсаулығының нашарлауының алдын алу бойынша шаралардың толық кешенін жүзеге асыру;
 - барлық мүдделі тараптардың талаптарын қанағаттандыру үшін АТ қызметтерін дамыту және жетілдіру;
 - Ақпараттық көздердің қажетті қолжетімділігін, тұтастығын және құпиялылығын қамтамасыз ету;
 - Технологиялық жабдықтың сенімділігін арттыру, ескірген жабдықтарды кезең-кезеңімен ауыстыру, энергия үнемдейтін жаңа технологиялар мен автоматтандырылған жүйелерді енгізу арқылы оның қауіпсіз және ақаусыз жұмысын қамтамасыз ету;
 - «ПЭТК» АҚ-ның барлық қызметкерлерін қажетті ресурстармен қамтамасыз ету, білімді дамыту және мүмкіндіктерді іске асыру, сондай-ақ «ПЭТК» АҚ ББЖ саласындағы мақсаттарға жетуге қызметкерлерді барынша тарту үшін тиісті ынталандыру әдістерін қолдану;
 - «ПЭТК» АҚ қызметкерлерін және жеткізушілерді қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз ету және қоршаған ортаға теріс әсерді барынша азайту процесіне тарту;
 - энергия тиімділігі жоғары жабдықты және қызметтерді сатып алуды жүзеге асыру;
 - тәуекелдер мен мүмкіндіктерді, бизнес-процестерді бағалау критерийлерін, процестердің тиімділігін бағалау үшін ақпаратты жинау және талдау механизмдерін анықтау;
 - мерзімді талдау және жетілдіру, сондай-ақ осы Саясатты «ПЭТК» АҚ қызметкерлеріне және басқа да мүдделі тұлғаларға жеткізу;
 - осы Саясат шеңберінде қабылданған міндеттемелердің орындалуын бақылауды қамтамасыз ету;
 - «ПЭТК» АҚ-нда тәуекелдерді басқару мәдениетін дамыту, тәуекелдерді анықтауға және оларды талқылаудың ашықтығына ықпал ету, сондай-ақ «ПЭТК» АҚ-ның тәуекелдері туралы қызметкерлердің хабардар болуын арттыру.

Бас директор



А.В.Глотов

Қолданысқа 2026 жылғы «15» мамыр № 5-618 бұйрықпен енгізілген